

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ



Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық- техникалық университеті

«Есеп және қаржы» кафедрасы

5В050900 – «Қаржы» мамандығының студенттеріне арналған  
«Коммерциялық банктегі қаржылай талдау» пәнінен БАӨЖ орындау  
бойынша әдістемелік нұсқау

Орал 2015

**ББК 65.26**  
**Қ 41**

Құрастырғандар: Абдулова Т.Г., аға оқытушы,  
Абдешова А.Ш., аға оқытушы

Сын-пікір беруші: Казамбаева А.М., экон. ғыл. канд., доцент

5B050900 – «Қаржы» мамандығының студенттеріне арналған  
«Коммерциялық банктегі қаржылай талдау» пәнінен БАӨЖ орындау  
бойынша әдістемелік нұсқау

«Есеп және қаржы» кафедрасының отырысында талқыланды  
«26» наурыз 2015 жылы, № 8 хаттамасында тіркелген.

Экономика және бизнес факультетінің оқу әдістемелік бюросымен  
ұсынылды «27» наурыз 2015 жылы, № 8 хаттамасында тіркелген.

Университеттің оқу әдістемелік кеңесімен мақұлданды «30» наурыз  
2015 жылы, № 5 хаттамасында тіркелген.

«Коммерциялық банктегі қаржылай талдау» пәні бойынша  
әдістемелік нұсқау өзіндік жұмысты орындау бойынша тапсырмалар мен  
түсініктемелерді қарастырады. Әдістемелік нұсқау 5B050900 – «Қаржы»  
мамандығының студенттеріне арналған.

**© РМК «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-  
техникалық университеті», 2015**

## Мазмұны

|  |    |
|--|----|
| Кіріспе.....   | 4  |
| Тақырып 1. «Коммерциялық банктегі қаржылай талдау» пәні, құрылымы және курстың міндеттері.....   | 5  |
| Тақырып 2. Банктік қызметті экономикалық талдаудың негізділігі және ұйымдастырылуы .....         | 7  |
| Тақырып 3. Коммерциялық банк қызметін талдаудың ақпараттық базасы, түрлері және әдістері .....   | 10 |
| Тақырып 4. Коммерциялық банктік балансы – оның қаржылық жағдайын талдау үшін негізгі құжат ..... | 13 |
| Тақырып 5. Банктің меншікті және тартылған қаражаттарының жағдайын талдау .....                  | 17 |
| Тақырып 6. Коммерциялық банктің активтік операцияларын талдау .....                              | 19 |
| Тақырып 7. Коммерциялық банктің өтімділігін талдау.....  | 26 |
| Тақырып 8. Банк қызметіндегі экономикалық нормативтердің орындалуын талдау .....                 | 29 |
| Тақырып 9. Банктің тәуекелдерін талдау .....   | 32 |
| Тақырып 10. Коммерциялық банк қызметінің қаржылық нәтижесіне талдау .....                        | 34 |
| Ұсынылған әдебиеттен тізімі.....   | 39 |
| Қосымшалар.....  | 41 |

## Кіріспе

«Коммерциялық банктегі қаржылай талдау» пәні банктік қызметтің спецификасын ескере оның экономикалық талдауының ұйымдастырылуын зерттеу мақсатында ұсынылады. Курсты оқыту коммерциялық банктің активтік және пассивтік операцияларында талдау әдістерінің негізгі аспектілерін терең оқытуды қамтамасыз етеді, сонымен қатар банк қызметін басқаруды ақпараттық қамтамасыз ету ретінде бухгалтерлік есептің қадағалу мүмкіншіліктерін меңгертеді.

«Коммерциялық банктегі қаржылай талдау» курсының мақсаты банк қызметі, банктің негізгі операциялары, коммерциялық банктік активтері мен пассивтерінің құрамы, банктік тәуекелдер, табыстар мен өтімділікті басқару, банктің қаржылық жағдайын талдау және банк қызметінің тиімділігін жоғарлату бағыттары туралы түсініктер қалыптастыру болып табылады.

Семинар сабағында қарастырылатын сұрақтардың тізімі тақырыптың мазмұнын толық аша алмайды, сондықтан студенттер әрі қарай өз білімдерін тереңдету және кеңейту үшін өзбетінше жұмыстану қажет. Бұл білімалушының өзіндік жұмыс процесінде көрінеді, сондықтан тақырыптың мазмұнын толық ашатындай қосымша сұрақтар, есептер, жаттығулар және т.б. тапсырмалар БАӨЖ –ге жіберіледі. БАӨЖ ге ұсынылған тапсырмалар практикалық сабақта алынған білімдерін тереңдетуге және нығайтуға мүмкіндік береді. БАӨЖ кезінде студент семинарлық сабаққа дайындалу кезінде туындаған сұрақтарын оқытушымен бірге талқылауға болады. БАӨЖ тапсырмаларын орындау барлық студенттер үшін міндетті болып саналады. БАӨЖ сабағына студенттер тақырыпқа байланысты оқулықтарды, оқу әдістемелік құралдарды және басқа да материалдарды өзімен бірге алып келу керек.

БАӨЖ тапсырмаларын орындау студенттерге семинарлық сабақтарға және дәрістерге жақсы дайындалуға көмек береді. БАӨЖ кезінде студенттер негізгі және қосымша әдебиеттермен танысады, қажетті статистикалық және практикалық материалдар жинақтайды.

БАӨЖ өткізу түрлері: кеңес беру, өзіндіктен есептер шығару, бақылау сұрақтар, реферат қорғау, презентациялар дайындау.

## **Тақырып 1. «Коммерциялық банктегі қаржылай талдау» пәні, құрылымы және курстың міндеттері**

### **Негізгі түсініктер**

Қаржылық талдаудың әдістемелік негіздері. Қаржылық талдаудың әдістері. Қаржыны басқаруда қаржылық талдаудың орны мен ролі. Несиелік ұйымдарды басқаруда қаржылық талдаудың орны мен ролі. Несиелік ұйымдардағы қаржылық талдаудың құрылымы.

**Тапсырма 1.** Берілген сұрақтарға толық мазмұнын ашатындай ауызша жауап беру қажет.

1. Банкте қаржылық талдаудың ұйымдастырылуы
2. Пассивтерді басқару стратегиясы
3. Активтерді басқару стратегиясы

**Мақсаты:** қаржылық талдау мәнін және банктің активтері мен пассивтерін басқару тәсілдерін толық меңгеру қажет.

**Әдістемелік нұсқау:** Ауызша сұрақтарға дайындалу кезінде бұл жұмысты нақты қандай бағыттарда қарастыру үшін көп әдебиеттер көлемімен жұмыс жасау қажет. Активтер мен пассивтерді басқару стратегиясын қарастырған кезде банктің қаржылық жағдайын оның нақты мерзімде жетілдіру тәсілдерін анықтауын ұсынылады.

Сұрақтың толық мағынасын ашу үшін банктің қаржылық жағдайы бұл оның сыртқы ортағындағы экономикалық қызметінің жалпы сипаты екеніне назар аудару ұсынылады. Бұл банктің бәсекеқабілеттілігін, іскерлік қарым қатынаста оның потенциалын анықтайды, банктің өзінің және оның серіктестіктерінің экономикалық қызығушылықтары қандай дәрежеде кепілдендірілгені бойынша баға береді.

### **Тапсырма 2.** Тест сұрақтары

**Мақсаты:** теориялық білімдерін нығайту

**Әдістемелік нұсқау:** төменде берілген сұрақтарға бір дұрыс жауап беру

1. Талдау бағыты бойынша қаржылық талдау қандай түрлерге бөлінеді.

- 1) ішкі және сыртқы қаржылық талдау;
- 2) ретроспективті және перспективті қаржылық талдау;
- 3) экспресс-талдау және тәптіштеп толық түрінде қаржылық талдау.

2. Қай көрсетілген анықтамалар коммерциялық банк қызметінің талдау пәнінің сипаттайды.

- 1) банк қызметінің талдау пәні болып коммерциялық банктің жалпы қызметі табылады, оның құрамдас бөліктері, банк өнімі мен нарығының даму жағдайы мен динамикасы;

2) банк қызметінің талдау пәні болып банктің инвестициялық қызметі табылады, инвестициялық банктік капиталдың және нарықтың даму жағдайы мен динамикасы;

3) банк қызметінің талдау пәні болып коммерциялық банктің дәстүрлі емес банктік қызметтер нарығындағы қызметі табылады (лизинг, факторинг, траст операциялары) және олардың құрамдас бөліктері.

3. Қаржылық талдаудың мәні мынаған саяды...

1) қаржылық жағдай мен қаржылық нәтижелерді талдауға қана емес, соныме қатар банк қызметінің болжамдауына

2) Персонал динамикасының талдауына

3) Банк қызметінің болжамдауына және жоспарлауына

4. Қаржылық талдаудың объектілерін атап беріңіз

1) Активтерді, өтімділікті, табыстылықты, коммерциялық тәуекелдерді, валюталық операцияларды талдау және т.б.

2) Персоналды қолдануды, негізгі қаражаттаржы талдау

3) Төлем міндеттерін орындауын талдау

5. Қаржыны басқару процесі мағынасына қарай қандай бөлшектерге бөлуге болады.

1) – Банк қызметінің қаржылай талдау

-Қаржылық талдау кезінде қаржылық шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру

2) - Банк қызметінің қаржылай талдау

- Төлем міндеттерін орындауын талдау

3) -Қаржылық менеджмент

- Қаржылық талдау кезінде қаржылық шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру

6. Қажетті шешімдер қабылдау үшін қаржылық талдаудың нәтижелері қандай ақпарат береді

1) сандық

2) сапалық

3) тек орташа

7. Ақпаратты қолдану және өндеуіне қарай қаржылық талдауды жоспарлау кезінде талдауына байланысты міндеттер қандай түрлерге бөлінеді.

1) ақпараттық және есептік

2) қаржылық және есептік

3) ақшалай және қаржылық

8. Жүйелі талдау тәсілі бұл

1) объектіні зерттеу үшін біртұтастай (жүйелік) әдісті қолдануды рұқсат ететін, ал оның құрастырушы элементтері зерттеу объектінің ішкі компоненттері ретінде және олардың арасындағы қатынасты сипаттайтын ғылыми зерттеу мен шаруашылық өмірді меңгеру әдісі .

2) объектіні зерттеу үшін біртұтастай (жүйелік) әдісті қолдануды рұқсат ететін, ал оның құрастырушы элементтері зерттеу объектінің ішкі компоненттері ретінде сипатталатын ғылыми зерттеу мен шаруашылық өмірді меңгеру әдісі.

3) қаржылық есептіліктердің мәліметтері бойынша ең бастысы баланс есептілігі мен кіріс және шығыс есептіліктері негізінде анықталатын қатысты көрсеткіштер болып ұсынылады.

#### 9. Салыстырмалы әдістің мәні

1) Есеп беру көрсеткіштерінің банктік талдау ішінде берілген көрсеткіштерін басқа банк көрсеткіштерімен салыстыруды қолданылады

2) Есеп беру көрсеткіштерін банктік талдау ішінде берілген көрсеткіштерін талдау

3) қаржылық есептіліктердің мәліметтері бойынша ең бастысы баланс есептілігі мен кіріс және шығыс есептіліктері негізінде анықталатын қатысты көрсеткіштер болып ұсынылады.

#### 10. Коэффициент әдісі бұл

1) қаржылық есептіліктердің мәліметтері бойынша ең бастысы баланс есептілігі мен кіріс және шығыс есептіліктері негізінде анықталатын қатысты көрсеткіштер болып ұсынылады.

2) объектіні зерттеу үшін біртұтастай (жүйелік) әдісті қолдануды рұқсат ететін, ал оның құрастырушы элементтері зерттеу объектінің ішкі компоненттері ретінде және олардың арасындағы қатынасты сипаттайтын ғылыми зерттеу мен шаруашылық өмірді меңгеру әдісі.

3) объектіні зерттеу үшін біртұтастай (жүйелік) әдісті қолдануды рұқсат ететін, ал оның құрастырушы элементтері зерттеу объектінің ішкі компоненттері ретінде сипатталатын ғылыми зерттеу мен шаруашылық өмірді меңгеру әдісі.

## **Тақырып 2. Банктік қызметті экономикалық талдаудың негізділігі және ұйымдастырылуы**

### **Негізгі түсініктер**

Экономикалық талдаудың объектісі және субъектісі. Экономикалық талдаудың түрлері және оның коммерциялық мекемелерді басқарудағы рөлі. Экономикалық талдаудың әдістері. Экономикалық талдаудың кешенді жүйесі және банктік бизнестің тиімділік бағасы.

## **Тапсырма 1.**

1. Экономикалық талдауды жүргізудің қажеттілігі
2. Банктік қызметті талдау бойынша терминдерге (глоссарийге) анықтама беру: банктік қызметті талдау, сыртқы экономикалық талдау, ішкі экономикалық талдау, кешенді экономикалық талдау, экономикалық талдаудың әдісі, оперативтік экономикалық талдау, коммерциялық банктік қызметті талдау пәні, экономикалық талдау пәні, қаржылық талдау, экономикалық талдау.

**Мақсаты:** банкте экономикалық талдауды жүргізудің қажеттілігі нені көрсететінін және оның нәтижесінің мәнін анықтау. Жаңа терминологиялық сөздіктермен танысу.

**Әдістемелік нұсқау:** бірінші сұрақ бойынша конспект дайындау қажет. Конспектіге дайындалу кезінде экономикалық талдаудың негізгі мақсатына және экономикалық талдаудың түрлері бойынша жеке тапсырмалар немен аяқталатынына назар аудару қажет. Экономикалық талдаудың сыныптамасының айрықша оңтайлы түрлерінің негізгі белгілерін атап өту.

Глоссарий жазғанда терминдерге толық сипаттайтындай нақты анықтама беріңіз. Түсініктеме беру кезінде сіз терминнің мәнін көрсететін статистикалық мәліметтерді, мысалдарды қолдануыңызға болады. Глоссарий құрастыру әр термин бойынша терең білімді талап етеді. Термин бойынша қаншалықты нақты сипаттама берсеңіз, соншалықты оны түсіну түсініктірек болады.

## **Тапсырма 2 .Тест сұрақтары**

**Мақсаты:** теориялық білімдерін нығайту

**Әдістемелік нұсқау:** төменде берілген сұрақтардың ішінен бір дұрыс жауабын белгілеу.

1. Коммерциялық банктік қызметтің экономикалық талдауы нені білдіреді
  - 1) банк қызметінің қаржылық – экономикалық нәтижелерін үйренумен байланысты факторларды анықтаудағы, шаруашылық процестердің үдерісі мен үйлесімділігін және банктің дамуының бағыттарын дәлелдеудегі арнайы білімдер жүйесін білдіреді
  - 2) факторларды анықтауға және шешім қабылдауға байланысты кәсіпорынның шаруашылық қызметін үйренудегі арнайы білімдер жүйесін білдіреді
  - 3) банктік – корреспондеттік қызметтің қаржылық нәтижелерімен байланысты факторларды анықтауда және дамудың үйлесімділігіндегі арнайы білімдер жүйесін білдіреді



2. Өзінің қызметі барысында экономикалық талдауды жүргізуде коммерциялық банктің мақсаты нені білдіреді

1) пайданы жоғарлату мақсатында активтік және пассивтік операциялар құрылымын оңтайландыруға ұмтылу

2) бюджет алдындағы банк міндеттемесінің орындалуына қаржылық бақылау жүргізу

3) банк есебі мен есеп – қисабының анықтылығына тексеру жүргізу, сонымен қатар олардың қызметінің нәтижесі туралы растау немесе теріске шығару

3. Банктің қызметіне экономикалық талдау жүргізу кезінде мемлекеттік салық қызметінің мақсаты нені білдіреді

1) бюджет алдындағы банк міндеттемелерінің орындалуына байланысты қаржылық бақылауды жүзеге асыру

2) банк есебі мен есеп – қисабының анықтылығына тексеру жүргізу, сонымен қатар олардың қызметінің нәтижесі туралы растау немесе теріске шығару

3) банктің қаржылық жағдайының тұрақтылығын, оның сенімділігін, даму перспективаларын, олармен әрі қарай жұмыс жасаудағы мақсаттылықты анықтайды

4. Банк қызметіне экономикалық талдау жүргізу кезінде аудиторлардың мақсаты немен тұжырымдалады

1) банк есебі мен есеп – қисабының анықтылығына тексеру жүргізу, сонымен қатар олардың қызметінің нәтижесі туралы растау немесе теріске шығару

2) банктің қаржылық жағдайының тұрақтылығын, оның сенімділігін, даму перспективаларын, олармен әрі қарай жұмыс жасаудағы мақсаттылықты анықтайды

3) пайданы жоғарлату мақсатында активтік және пассивтік операциялар құрылымын оңтайландыруға ұмтылу

5. Банк қызметіне экономикалық талдау жүргізу кезінде банктік клиенттер мен корреспонденттердің мақсаты нені білдіреді

1) банктің қаржылық жағдайының тұрақтылығын, оның сенімділігін, даму перспективаларын, олармен әрі қарай жұмыс жасаудағы мақсаттылықты анықтайды

2) бюджет алдындағы банк міндеттемелерінің орындалуына байланысты қаржылық бақылауды жүзеге асыру

3) банк есебі мен есеп – қисабының анықтылығына тексеру жүргізу, сонымен қатар олардың қызметінің нәтижесі туралы растау немесе теріске шығару

6. Алдағы кезеңде күтілетін нәтижелерді жоспарлау үшін және ақша – несие саясатының әрі қарай даму бағыттарын анықтау үшін қандай талдау қолданылады

- 1) Перспективалық
- 2) Оперативтік
- 3) Қорытынды

7. Банктің ағымдағы жұмысын атқару кезінде өтімділік нормативін сақтауды бағалау үшін және басқа да көрсеткіштер мен тез шешім қабылдау үшін, олардың орындалуы, сонымен қатар қажетті табыс алуы қандай әдісте көрінеді

- 1) Оперативтік
- 2) Құндылық
- 3) Перспективалық

8. Банктердің қандай да бір операцияларын жүргізудің мүмкіндіктерін анықтау үшін шоттық жағдайын бағалауда қандай әдіс қолданылады

- 1) Алдын – ала
- 2) Перспективалық
- 3) Оперативтік

9. Коммерциялық банктік қызметтің тиімділігін анықтау үшін зерттеу және табыстарды жоғарлату резервтерін айқындау кезеңдерінде қандай әдіс қолданылады

- 1) Қорытынды
- 2) Құндылық
- 3) Тоқсандық

10. Тиімсіздікті болдырмау және қажетті операцияларды орындаудағы неғұрлым прогрессивті әдістерді іздеу жолдары арқылы банктік операциялардың табыстылығын жоғарлату мүмкіндіктері қандай талдаудың нәтижесінде анықталады

- 1) Функционалдық
- 2) Құрылымдық
- 3) Операциялық-құндылық

### **Тақырып 3. Коммерциялық банк қызметін талдаудың ақпараттық базасы, түрлері және әдістері**

#### **Негізгі түсініктер**

Ақпарат жүйесі. Ішкі және сыртқы ақпарат. Ақпараттық-аналитикалық мәліметтер. Қаржылық басқарудың ақпараттық жүйесі

коммерциялық банкті қаржылай талдаудың ақпараттық базасысының негізгі бір бөлігі.

### **Тапсырма 1.**

1. Банктің қаржылық -аналитикалық қызметі
2. Банктің ақпараттық- аналитикалық кеңістігі
2. Ішкі қаржылық талдау
3. Сыртқы қаржылық талдау

**Мақсаты:** банктегі аналитикалық жұмыстың мәнін, мазмұнын, сонымен қатар негізгі бағыттарын, аналитикалық процесінің кезеңдерін, және қаржылай талдауды жүргізуге қажетті ақпарат көздерін толық меңгеру қажет.

**Әдістемелік нұсқау:** ауызша сұрақтарға дайынлған кезде банктің аналитикалық жұмысының мақсатына, оған әсер ететін факторларға, сонымен қатар банктің ақпараттық- аналитикалық қызметінің құрылымына назар аударуға ұсыныс қойылады. Банктің ақпараттық- аналитикалық кеңістігін қарастырған кезде орталықтан сыртқа тебуші және ішке беттеген ақпарат ағыны нені білідретінің қарастыру, ақпаратты ұсынудың сатылы тізбегін көрсету қажет. Ішкі және сыртқы қаржылық талдаудың мақсаттарын анықтау.

### **Тапсырма 2.**

Коммерциялық банктегі қаржылай талдауды жүргізу үшін негізгі ішкі және сыртқы ақпарат көздерінің схемасын құру.

**Мақсаты:** ішкі және сыртқы ақпарат көздерінің қарастыру

**Әдістемелік нұсқау:** банк қызметін талдау кезінде қолданылатын ішкі және сыртқы ақпарат көздерінің құрылымын схема түрінде көрсету. Ұсынылған схема бойынша ауызша түрде түсініктеме беру.

### **Тапсырма 3 .Тест сұрақтары**

**Мақсаты:** теориялық білімдерін нығайту

**Әдістемелік нұсқау:** төменде берілген сұрақтардың ішінен бір дұрыс жауабын белгілеу.

1. Банктің ақпараттық –аналитикалық ауқымды жазықтығы
  - 1) Белгілі бір ұйымдастырудың ақпараттық ағым орталығындағы және бір орта қатысты өзіндік «эпицентр» банкінің қаржылық айналымының орталық қызметі
  - 2) Белгілі бір ұйымның қабылдауы және тәсілдерін талдауы
  - 3) Банктің ішкі орталық ақпараттары
2. Банктің қаржылық-аналитикалық қызметінің негізгі функциясы

1) Банк бөлімшелері ішкі орта ақпараттарын қабылдайды, жүйелейді, өндейді, талдайды және тұтынушыға график, схема есебі ретінде беріледі

2) Ішкі ортадан банк ақпаратты өңдеп басшылыққа береді

3) Әр түрлі бөлімдердің іс әрекетін, қызметін, ішкі қолданылуын қарастырады

3. Банктің ақпараттық аналитикалық кеңістігіне қандай талап қойылады?

1) Нақты талдау, нақты болжау, есеп жүйесін жасау, аналитикалық құрал-сайман иелену, болжау жұмыстарының функциясын орындау, кіріс түсіру негізінде барлық бөлімдердің қатынасуы

2) Депозиттік салымдардың өз уақытымен толық төленуі, банк ісін қадағалау

3) Аналитикалық есептік құралдармен иелену

4. «Терек» ақпараттың аналитикалық деңгейінің негізгідерін атаныз

1) Тамыр жүйесі, ұшар басы, түбіртек

2) Түбіртек, бұтақтар, жапрақтар

3) Шырша, емен, қайың

5. Ақпараттың аналитикалық «Теректің» басында не болады?

1) Әрдайым ақпараттық тамыр жүйесінен «түбіртек» ақпараты жазылып синтезделеді

2) Ақпарат жазылуы (on line режимі)

3) Әр күндік нәтиже бойынша ақпарат

6. Ақпараттың аналитикалық «теректің» негізгі құрылысы?

1) Ақпараттық ағыммен өтуі

2) Ақпараттың жылына бір рет түсуі

3) Операциондық күннің соңында ақпаратты өңдеу

7. Банкте ақпараттарды өңдеу үшін қандай арнайы бағдарлама қолданылады?

1) БЖА (Банк жүйесінің автоматизациялануы)

2) ЖҚТ (жобаның қаржылық талдауы)

3) Қаржылық банктік статистика

8. Міндеттер БЖА (банк жүйесінің автоматизациялануы) қандай бағдарламаларымен шешіледі?

1) Есеп операциясы, есеп жүйесін форматтау, талдау үшін ақпаратты өңдеу

2) Есеп жүйесін табу үшін

3) Қаржы құралдарының жарамдылығын табу, тексеру үшін

9. АРМ программасы банк мамандықтарына не үшін қажет?

- 1) Есептік ақпаратын жинау және сақтау үшін
- 2) Қаржы құралдарының жарамдылығын табу, тексеру үшін
- 3) Инвесторлар мен кредиторларды таңдау үшін

10. Басылымды есеп, жылдық бухгалтерлік есепке жата ма?

- 1) Жатпайды
- 2) Жатады
- 3) Жартылай жатады

#### **Тақырып 4. Коммерциялық банктік балансы – оның қаржылық жағдайын талдау үшін негізгі құжат**

##### **Негізгі түсініктер**

Банктің балансы-қаржылық талдаудың негізгі ақпарат көзі. Қаржылық есептің халықаралық стандарты. Банк балансының құрылу принциптері. Банк балансын талдаудың негізгі бағыттары.

##### **Тапсырма1.**

«А» банкі негізінде банктің біріктірілген және жиынтық балансын құрастыру. Банктің балансының құрылымына талдау жасау.

**Мақсаты:** Берілген тақырып бойынша студенттердің білімдерін нығайтуды және оны меңгеруді қамтамасыз ету.

**Әдістемелік нұсқау:** Біріктірілген және жиынтық балансты құру үшін екінші деңгейлі банктердің ішінен бір банктің қаржылық және жылдық есептілігін қолдану қажет. Қаржылық және жылдық есептерді банктердің сайтынан табуға болады.

Кесте 1 - Біріктірілген баланс

| Баптар                                 | сомасы | Баптар                       | сомасы |
|--|--------|------------------------------|--------|
| Касса және оған теңестірілген құралдар |        | Депозиттер,<br>Соның ішінде: |        |
| Бағалы қағаздардың портфелі            |        | – Талап етілгенге дейінгі    |        |
| Несиелік портфель                      |        | – Жедел                      |        |
| Банктің негізгі құралдары              |        | Банктік займдар              |        |
|  |        | Меншікті капитал             |        |
| Барлығы                                |        | Барлығы                      |        |

Кесте 2 - Жиынтық баланс

| Статьялардың атаулары  | Ескертүүлер | Есепті кезеңнің басында | Есепті кезеңнің аяғында |
|--|-------------|-------------------------|-------------------------|
| 1  | 2           | 3                       | 4                       |
| <b>Активтер</b>  |             |                         |                         |
| Қолма- қол ақша  | 1           |                         |                         |
| Тазартылған асыл металдар  | 2           |                         |                         |
| Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған корреспонденттік шоттар мен салымдар                         | 3           |                         |                         |
| Басқа банкттерде оранластырылған корреспонденттік шоттар мен салымдар (мүмкін болатын шығындарға резервтік шегеріммен) | 4           |                         |                         |
| Сауда үшін бағытталған бағалы қағаздар (мүмкін болатын шығындарға резервтік шегеріммен)                                | 5           |                         |                         |
| Басқа банкттерге ұсынылған займдар мен қаржылық аренда (мүмкін болатын шығындарға резервтік шегеріммен)                | 6           |                         |                         |
| Клиенттерге ұсынылған займдар мен қаржылық аренда (мүмкін болатын шығындарға резервтік шегеріммен)                     | 7           |                         |                         |
| Клиенттерге қойылатын басқа да талаптар (мүмкін болатын шығындарға резервтік шегеріммен)                               | 8           |                         |                         |
| Мерзімі ұзартылған салықтық талаптар   | 9           |                         |                         |
| Басқа да бағалы қағаздар (мүмкін болатын шығындарға резервтік шегеріммен)  | 10          |                         |                         |
| Капиталды инвестициялау және бағынышты борыш   | 11          |                         |                         |
| Гудвилл  | 12          |                         |                         |
| Негізгі құралдар (амортизациялық шегеріммен)   | 13          |                         |                         |
| Материалдық емес активтер (амортизациялық шегеріммен)  | 14          |                         |                         |
| Басқалай активтер (мүмкін болатын шығындарға резервтік шегеріммен)   | 15          |                         |                         |
| <b>Активтердің барлығы:</b>  | <b>I</b>    |                         |                         |

## 2-ші кестенің жалғасы

| <b>Міндеттеме</b>                                     |            |  |  |
|---|------------|--|--|
| Банктің корреспонденттік шоттары мен салымдары        | 16         |  |  |
| Клиенттердің банктік шоттары мен салымдары            | 17         |  |  |
| Ұзақ мерзімге шығарылған бағалы қағаздар              | 18         |  |  |
| Банктердің алдындағы қарыздары                        | 19         |  |  |
| Басқа да тартылған құралдар                           | 20         |  |  |
| Бағынышты борыш                                       | 21         |  |  |
| Мерзімі ұзартылған салықтық міндеттемелер             | 22         |  |  |
| Салықтық міндеттеме                                   | 23         |  |  |
| Басқалай міндеттемелер                                | 24         |  |  |
| Төлеуге арналған дивидендтер                          | 25         |  |  |
| <b>Міндеттемелердің барлығы:</b>                      | <b>II</b>  |  |  |
|   |            |  |  |
| <b>Меншікті капитал</b>                               |            |  |  |
| Жарғылық капитал                                      | 27         |  |  |
| Соның ішінде:   |            |  |  |
| – Жай акциялар  | 28         |  |  |
| – Артықшылықты акциялар                               | 29         |  |  |
| Қосымша төленген капитал                              | 30         |  |  |
| Алынған капитал                                       | 31         |  |  |
| Резервтік капитал                                     | 32         |  |  |
| Басқалай резервтер                                    | 33         |  |  |
| Бөлінбеген таза пайда (жабылмаған зиян)               | 34         |  |  |
| <b>Барлық капитал:</b>                                |            |  |  |
|   |            |  |  |
| Азшылық үлес  | 35         |  |  |
|   |            |  |  |
| <b>Міндеттемелер мен меншікті капиталдың барлығы:</b> | <b>III</b> |  |  |

**Тапсырма 2**

- 1) Банк активтерінің сапасына талдау жасаңыз
- 2) Өтімді активтердің үлесін анықтап, оған баға беріңіз
- 3) Күмәнді және үмітсіз активтердің анықтау әдістері мен оларға қарсы провизия құру тәсілдерін түсіндіріңіз

**Әдістемелік нұсқау:**

ҚР ЕДБ-дің жылдық есебімен танысу қажет. Активтердің жіктелімі және оларды күмәнді және үмітсіз активтерге жатқыза отырып, оларғы қарсы провизия құру ержесімен танысу керек.

### **Тапсырма 3. Өзін - өзі тексеру сұрақтары**

**Мақсаты:** теориялық білімдерін нығайту

**Әдістемелік нұсқау:** Берілген сұрақтардың негізгі түсінігін ашатындай және олардың негізділігін айқындайтындай ауызша жауап беру қажет.

1. Балансты оқудың негізгі әдістері қандай?
2. Коммерциялық банктің балансын құрастырудың принциптері мен сызбасы қандай?
3. Банк балансына қойылатын талаптар қандай?
4. Банк балансын талдаудың негізгі бағыттары қандай?
5. Балансты тазалау не үшін жүзеге асырылу қажет?

### **Тапсырма 4 .Тест сұрақтары**

**Мақсаты:** теориялық білімдерін нығайту

**Әдістемелік нұсқау:** төменде берілген сұрақтардың ішінен бір дұрыс жауабын белгілеу.

1. Баланс есебінде актив пен пассив қалай орналасқан?
  - 1) Өтімділігінің кемуіне байланысты бірінші активтер,соңынан пассивтер
  - 2) Өтімділігінің өсуіне байланысты бірінші активтер,соңынан пассивтер
  - 3) Өтімділігінің өсуіне байланысты бірінші пассивтер,соңынан активтер
2. Банк балансы(статьялардын мазмұнына қарай байланысты) болады?
  - 1) Баланс-брутто, баланс-нетто, аналитикалық баланс
  - 2) Факторлық баланс
  - 3) Материалдық емес заттар балансы
3. Баланс неттонның баланс бруттодан айырмашылығы?
  - 1) Баланс бруттоның актив және пассив статьяларының реттеушілік, жинақтық, транзиттық шытының көлеміне қарай азаюы
  - 2) Баланс бруттоның актив және пассив статьяларының реттеуші жинақтық, транзиттық шытының көлеміне қарай өсуі
  - 3) Актив пен пассив сомасының транзит шотына қарай бөлінуі
4. Баланс бруттоның кемшілігі?
  - 1) Транзиттік, реттеушілік, жинақтық шотына қарай баланстың әрбір статьяларының көлемінің өсуі
  - 2) Баластың актив және пассив әрбір статьяларының кемуі
  - 3) Меншікті қаражаттар көрсетілмейді
- 5.Банк қолданатын ресурс базасын қай баланс арқылы анықтауға болады?
  - 1) Баланс нетто бойынша
  - 2) Баланс брутто бойынша



### 3) Материалдық баланс бойынша

#### **Тақырып 5. Банктің меншікті және тартылған қаражаттарының жағдайын талдау**

##### **Негізгі түсініктер**

Коммерциялық банк ресурсының мәні. Коммерциялық банктің меншікті қаражаты. Меншікті қаражаттың тағайындалуы. Банктің меншікті қаражатының құрамы. Нетто- капиталдың құрамы, оның мазмұны мен тағайындалуы. Банктің капитал базасын құру бойынша банктің сапалық жұмысына баға беру мақсатымен банктің капитал құрылымымен және әр элементтің үлесінің өзгеру тенденциясын талдау. Коммерциялық банктің тартылған қаражаттары (міндеттері). Банктің тартылған қаражатының (міндеттерінің) құрамы. Нетто-тартылған қаражаттың құрамы, олардың мазмұны мен тағайындалуы. Банктің тартылған ресурсының (міндеттерінің) құрылымын талдау және оның ішіндегі депозиттік базасының үлесінің өзгеру тенденциясын анықтау. Банктің депозиттік көздері: талап етілгенге дейінгі, мерзімдік депозиттер (соның ішінде жинақ депозиттер және банктік ұзақ мерзімді міндеттемелері), алынған банкаралық несиелер.

##### **Тапсырма 1**

3 кестенің мәліметтері бойынша зерттеу мерзімінде банк балансының сандық өзгеру динамикасын анықтау.

Кесте 3- 2012ж. «Студент» АҚ –ның пассивтер құрылымы

| Баптардың аталуы  | 01.01.2011ж. |          | 01.01.2012ж. |          |
|-------------------|--------------|----------|--------------|----------|
|                   | мың.тг.      | үлесі, % | мың.тг.      | үлесі, % |
| Меншікті қаражат  | 53957        |          | 102981       |          |
| Тартымды қаражат  | 210941       |          | 436505       |          |
| Пассивтер барлығы |              |          |              |          |

**Мақсаты:** бұл тақырып бойынша студенттердің тұрақты білімдерін алуға қамтамас ету және сезіну.

**Әдістемелік нұсқау:** банк ресурсының қай ақпарат көздері басты болып табылады және барлық пассивтер құрылымында оның үлесінің өзгеру динамикасы қандай екенің анықтау қажет. Банкпен ресурстық базаны қалыптастыру бойынша жүргізілетін саясатқа сипаттама беру.

##### **Тапсырма 2**

Бухгалтерлік баланс мәліметтері негізінде банктің меншікті қаражатының санының өзгеру динамикасын анықтап беріңіз. Меншікті қаражат құрамында тұрақты капиталдың үлесінің өзгеруін сипаттаңыз.

Меншікті капитал –нетто нақтысын және динамикада өзгеруін анықтап беріңіз. Меншікті капитал базасын құру бойынша жүргізіліп жатқан саясаттың сапасына сипаттама беріңіз (экстенсивті немесе интенсивті, сапалық немесе сапалық емес).

### **Тапсырма 3**

Бухгалтерлік баланс мәліметтері негізінде банктің тартымды қаражатының санының өзгеру динамикасын анықтап беріңіз. Тартымды қаражаттың (міндеттемелердің) қай ақпаратт көздері банк үшін негізгі (депозиттік немесе депозиттік емес) болып табылады. Тартымды қаражаттың имобилизация коэффициентінің жағдайын және оның тартымды қаражат- нетто өзгеру динамикасына әсерін сипаттап беріңіз.

**Мақсаты:** бұл тақырып бойынша студенттердің тұрақты білімдерін алуға қамтамас ету және сезіну.

**Әдістемелік нұсқау:** тапсырманы орындау үшін екінші деңгейлі банктердің арасында бір банкті тандап оның бухгалтерлік балансының мәліметтерін қолдану қажет. Балансты тандаған банктің сайтынан алуға болады.

### **Тапсырма 4**

1) Банктің капиталдық базасының құрамын және оның жеткіліктігін сипаттайтын көрсеткіш туралы баяндаңыз

2) ҚР-ғы депозиттік нарықтың даму мәселелелерін талдап, оларды шешуге қатысты ұсыныстарды жасаңыз

3) Банктің депозиттік операцияларын жетілдіруде маңызды депозит өнімдерін қарастырыз

Өткізу формасы: пікірталас.

### **Әдістемелік нұсқау:**

Банктің капиталына жататын баптардың қалыптасу тәртібіне және капиталдың жеткіліктігін реттейтін пруденциалдық нормативке көңіл аудару қажет. Жеке тұлғалардың салымдарын сақтандыру қорының қызметін жетілдіруді қарастыр.

### **Тапсырма 5**

1) Банктің жарғылық капиталын қалыптастыру жолдарын қарастырыңыз

2) Депозиттік нарықтан депозит тартуға арналған бағдарламаларды жасаңыз

3) Банктің депозиттік саясатын жасаңыз

4) Банктің меншікті қаражаттарының жеткіліктігін есептеңіз

**Әдістемелік нұсқау:**

Банктің капиталына жататын баптардың қалыптасу тәртібіне және капиталдың жеткіліктігін реттейтін пруденциалдық нормативке көңіл аудару қажет. Жеке тұлғалардың салымдарын сақтандыру қорының қызметін жетілдіруді қарастырыңыз.

#### **Тапсырма 6. Тест сұрақтары**

**Мақсаты:** теориялық білімдерін нығайту

**Әдістемелік нұсқау:** төменде берілген сұрақтардың ішінен бір дұрыс жауабын белгілеу.

1. Коммерциялық банк ресурстары дегеніміз не?

- 1) Активті операцияларды жүргізуге арналған меншікті және тартылымды қаражат жиынтығы
- 2) Меншікті қаражат жиынтығы
- 3) Тартылымды қаражат жиынтығы

2. Банк ресурстары құрылысына қарай бөлінеді...

- 1) Меншікті және Тартылымды
- 2) Ұзақ және қысқа мерзімді
- 3) Айналымды және айналымнан тыс

3. Коммерциялық банк ресурстарының негізгі көздері?

- 1) Тартылымды қаражат
- 2) Меншікті қаражат
- 3) Айналымды және айналымнан тыс қаражаттар

4. Банктің меншікті капиталының негізгі үлесін не құрайды?

- 1) Жарғылық капитал, қосымша капитал, банк фондтары
- 2) Тартылымды қаражаттар
- 3) Негізгі қаражаттың және материалдық емес активтердің амортизациясы

5. Өзіндік материалдар брутто неден тұрады?

- 1) Өзіндік материалдар – нетто + имобильді сомасы
- 2) Өзіндік материалдар / имобильдік материалдар
- 3) Өзіндік материалдар - имобильдік материалдар

#### **Тақырып 6. Коммерциялық банктің активтік операцияларын талдау**

##### **Негізгі түсініктер**

Активтік операциялар банктердің табыс алу және өзінің өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында иелігіндегі бар ресурстарды орналастыруды

жүзеге асыратын операциялар. Өзінің тапсырмалары бойынша активтік операцияларды төмендегідей бөлуге болады:

- банктің өтімділігін бір немесе өзге деңгейде сақтау мақсатындағы операциялар,

- пайданы алуға бағытталған операциялар.

Табыстылығы бойынша:

- табыс әкелетін операциялар (жоғарытабыстылық және төментабыстылық, тұрақты және тұрақсыз табыстар);

- табыс әкелмейтін операциялар (корреспонденттік шоттар бойынша барлық операциялар, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің резервтік қорына бөлінген қаражаттар, пайызсыз берілген ссудалар, ссудалардың мерзімін ұзартуға байланысты пайыз төленбейтін операциялар).

### Тапсырма 1

Коммерциялық банктің несиелендіру портфелінің құрамы мен оның қалыптасуына талдау жүргізу, кестелерді толтыру және қорытынды жасау.

Бағыттары бойынша талдау жасау ұсынылады:

Кесте 4 – Несиелендіру субъектісі бойынша ссудалық қарыздың құрылымын талдау

|                 | 01.01.10. |   | 01.01.11 |   | Жылдардағы өзгерісі |   |
|-----------------|-----------|---|----------|---|---------------------|---|
|                 | Мың.тг.   | % | Мың.тг.  | % |                     | % |
| Жеке тұлғаларға | 56868     |   | 152904   |   |                     |   |
| Мекемелерге     | 453614    |   | 503201   |   |                     |   |
| Барлығы:        | 510482    |   | 656105   |   |                     |   |

Кесте 5 – Несиелендіру портфелінің салалық құрылымы (мың. тг.)

| Көрсеткіштер атауы            | Есепті кезеңге несиелендіру бойынша қарыз |          | Соның ішінде мерзімі өтіп кеткен несиелер |          |
|-------------------------------|---|----------|---|----------|
|                               | 01.01.10                                  | 01.01.11 | 01.01.10                                  | 01.01.11 |
| Занды тұлғалар бойынша        | 127346                                    | 238077   | 1950                                      | 1809     |
| соның ішінде салалар бойынша: |   |          |   |          |
| өнеркәсіп                     | 22838                                     | 61096    | 193                                       | 177      |
| ауыл шаруашылығы              | 9123                                      | 12348    | 576                                       | 275      |
| құрылыс                       | 4271                                      | 14320    | 93  | 411      |

## 5-ші кестенің жалғасы

|                               |        |        |      |      |
|-------------------------------|--------|--------|------|------|
| сауда және қоғамдық тамақтану | 77642  | 89383  | 528  | 871  |
| көлік және байланыс           | 2074   | 26587  | 156  | 76   |
| басқа салалар                 | 11399  | 34343  | 405  | 0    |
| Жеке тұлғалар бойынша         | 9979   | 17290  | 82   | 108  |
| Банк бойынша барлығы          | 137325 | 255367 | 2032 | 1917 |

Кесте 6 – Несиенің қайтарымдылығын қамтамасыз ету нысандары

| Қамтамасыз ету түрлері          | 01.01.2010 |          | 01.01.2011 |          | Жылдардағы өзгерісі |          |
|---------------------------------|------------|----------|------------|----------|---------------------|----------|
|                                 | мың. тг.   | үлесі, % | мың. тг.   | үлесі, % | мың. тг.            | үлесі, % |
| Кепіл                           | 83560,8    |          | 125702,1   |          |                     |          |
| Кепіл және кепілгер             | 23159,1    |          | 10719      |          |                     |          |
| Қамтамасыз етудің басқа түрлері | 21157,2    |          | 9729,3     |          |                     |          |
| Барлығы:                        | 127877,1   |          | 146150,4   |          |                     |          |

Кесте 7 – Активтер мен жұмсалған несиенің өсу динамикасы

| Көрсеткіштер                               | 01.01.10 | 01.01.11 | Өсу қарқыны |
|--|----------|----------|-------------|
| Жұмсалған несиелер                         | 161695,8 | 295017,3 |             |
| Активтер                                   | 297297,3 | 481347,6 |             |
| Жұмсалған несиенің активке пайызбен қатысы |          |          |             |

Несие портфелінің құрылымына әрі қарай талдау жасау үшін келесідей көрсеткіштерді дұрыс қарастыру.

Жиынтық активтерге жұмсалған несиелердің меншікті салмағын келесі формула бойынша есептеуге болады:

Жұмсалған несиелер

Активтер

Бұл қатынас жұмсалған несиелердің тиімділігін сипаттайды және жиынтық активке 1 теңгемен келетін ссудалық активтер қалдығының орташа көлемін көрсетеді. Шартты түрде қарайтын болсақ, егер бұл қатынас 80,00% жоғары болса, онда жұмсалған несиелер бөлігіне байланысты банкке оң баға беруге болады. Егер бұл қатынас 80,00% төмен

болса, онда банк жиынтық активтерін көтеру үшін активтерінің құрылымын жақсарту қажет.

Банктік несие – аз қозғалатын шама. Банк несиені әр сағат сайын бермейді және де күн сайын да бермейді. Дегенмен де динамикада ссуда қалдығының орташа көлемінің өзгеруіне назар аудару қажет. Талдау кезеңінде өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстыру кезінде жиынтық активтердің өзгерісінің өсу қарқынын сипаттайтын мынадай көрсеткіштермен өлшеуге болады:

$$\text{Өсу қарқыны} = \frac{\text{Есепті кезеңдегі жиынтық активтердің орташа қалдығы}}{\text{Өткен жылдағы жиынтық активтердің орташа қалдығы}} \times 100\%$$

Егер  $\Theta_k < 100\%$  болса, онда банктің жұмысына жағымсыз баға беруге болады. Өсу қарқының бәсеңдеуі банктің позициясының жоғалуына әкеледі және нарықта барынша бәсекеге қабілетті институттардан ығысуына тура келеді.  $\Theta_k > 100\%$  болса, онда банктің қызметіне оң баға беруге болады.

Жұмсалған несиелердің өсу қарқынын жиынтық активтердің өсу қарқынымен салыстыруда оздыру коэффициенті қолданылады:

$$O_k = \frac{\text{Жұмсалған несиенің өсу қарқыны}}{\text{Жиынтық активтердің өсу қарқыны}}$$

Бұл коэффициент жиынтық активтердің өсуінде жұмсалған несиелердің өсуі қаншалықты алда екенін көрсетеді. Егер  $O_k > 1$  болса, онда ол банктің несие операциялары саласы бойынша белсенді жұмыс атқаратынын растайды.

Сонымен қатар, банктің қызметін талдау барысында банктің тартылған қаражаттарын орналастыруда жедел көрсеткіштер де қолданылады:

$$\text{Эмқ} = \frac{\text{Меншікті қаражаттар}}{\text{Жұмсалған несиелер}} ; \quad \text{Этқ} = \frac{\text{Тартылған қаражаттар}}{\text{Жұмсалған несиелер}}$$

Кесте 8 – Меншікті (тартылған) қаражаттарды орналастыруды оперативті талдау

| Көрсеткіштер                    | 01.01.10 | 01.01.11 |
|---------------------------------|----------|----------|
| Меншікті қаражаттар (мың. тг.)  | 61442,1  | 123838,8 |
| Тартылған қаражаттар (мың. тг.) | 235739,4 | 357507,3 |
| Жұмсалған несиелер (мың. тг.)   | 161695,8 | 295017,3 |
| Эмқ                             |          |          |
| Этқ                             |          |          |

Берілген коэффициенттер 1 теңгеге шаққандағы жұмсалған несиеге қанша меншікті (тартылған) қаражат кететінін көрсетеді.

Кесте 9 – Мерзімі өткен қарыздардың динамикасын талдау және СМБР ссуда бойынша мүмкін болатын резервтер (мың. тг.)

|                         | 01.01.10 | 01.01.11 | Өзгеріс |   |
|-------------------------|----------|----------|---------|---|
|                         |          |          | (+, -)  | % |
| Ссудалық қарыз,<br>с.і. | 161695,8 | 295017   |         |   |
| Банкке                  | 4224     | 8909,7   |         |   |
| Клиентке                | 157471,8 | 286108   |         |   |
| с.і. мерзімі өткен      | 2031,9   | 1917,3   |         |   |
| СМБР                    | 8792,4   | 11130,3  |         |   |

Бұл жердегі банктің негізгі жұмысы мерзімі өткен қарыздардың өсуін төмендету болып саналады.

Кесте 10 – Несие тәуекелі тобы бойынша сыныпталған ссудалық қарызды талдау (мың. тг.)

| Несие тәуекелінің тобы | Негізгі қарыз бойынша мерзімі өткен |          | Барлық ссудалық қарыздар |          | СМБР     |          |
|------------------------|-------------------------------------|----------|--------------------------|----------|----------|----------|
|                        | 01.01.10                            | 01.01.11 | 01.01.10                 | 01.01.11 | 01.01.10 | 01.01.11 |
|                        | 0                                   | 1        |                          |          |          |          |
| 1                      | 2                                   | 3        | 4                        | 5        | 6        | 7        |
| I                      | 324,3                               | 0        | 140736,9                 | 280119,6 | 1407,6   | 2801,1   |
| II                     | 0                                   | 0        | 12354,9                  | 7670,4   | 2471,1   | 1534,2   |
| III                    | 526,5                               | 453,6    | 7380,9                   | 896,7    | 3690,6   | 448,5    |
| IV                     | 1100,1                              | 1000,7   | 1000,1                   | 5330,6   | 1000,1   | 5346,5   |
| V                      | 81                                  | 463      | 223,0                    | 1000,0   | 223,0    | 1000,0   |
| Барлығы:               | 2031,9                              | 1917,3   | 161695,8                 | 295017,3 | 8792,4   | 11130,3  |

Кесте 11 – Несие операцияларының табыстылығын талдау

| Көрсеткіштер                                     | 01.01.10 | 01.01.11 | Өзгерістер |   |
|--|----------|----------|------------|---|
|  |          |          | +, -       | % |
| 1. Ұсынылған несиелер бойынша алынған пайыздар   | 34527    | 45809,4  |            |   |
| 2. Тартылған ресурстар бойынша төленген пайыздар | 10800,9  | 13308,3  |            |   |
| 3. Несие портфелі бойынша пайыздық маржа (1-2)   | 23726,1  | 32501,1  |            |   |

11-ші кестенің жалғасы

|   |          |          |  |  |
|---|----------|----------|--|--|
| 4. Ссудалық қарыздың орташа қалдығы                       | 121047,9 | 228356,7 |  |  |
| 5. Жарғылық капитал                                       | 48000    | 79200    |  |  |
| 6. Несие тәуекелі бойынша таза пайыздық маржа (3:4)*100   | 19,60    | 14,23    |  |  |
| 7. Пайыздық маржаның пайызбен жарғылық капиталға қатынасы | 49,43    | 41,04    |  |  |

**Тапсырма 2**

Несие портфелінің сапасын сипаттайтын басқа да коэффициенттерді есептеуді пайдалану.

Несие портфелы – есептелген СМБР

Несие тәуекелінің коэффициенті =  $\frac{\text{Несие портфелы}}{\text{Несие портфелы}}$

Есептеулер көрсеткендей, бұл коэффициенттің мәні бірге жақын, яғни ссуда бойынша ұйғарылған шығындардың аз өсуімен сәйкес келетін несие портфелінің сапасын көтеру.

Несие портфелінің проблемалық коэффициенті =  $\frac{\text{Проблемалық портфель (II-V тәуекел тобы)}}{\text{Несие портфелы}}$

**Мақсаты:** Студенттерге берілген тақырып бойынша білімдерін берік және зерделі игеруді қамтамасыз ету.

**Әдістемелік нұсқау:** Студент есептеулерді орындау кезінде теориялық негізін меңгергенін, тапсырманы толық және дұрыс орындай алғанын, орындалған тапсырма бойынша талдау жасай алуы және алынған нәтижені түсіндіре алуы қажет. Қолданылған формулаларын сипаттай алуы қажет. Тапсырманы бағалау кезінде оның формулаларды дұрыс қолдана алғандығы, есептердің дұрыстығы және олардың нәтижелері мен алынған нәтижелердің сәйкестігі тексеріледі.

**Тапсырма 3**

- 1) ҚР ЕДБ-дің несиелік қоржынының құрылымына талдау жасау
- 2) Несиелік лимит белгілеу тәжірибесін қарастыру
- 3) Күмәнді және үмітсіз несиелерге қарсы провизия құру тәсілдерін игеру.

4) Нақты бір банк материалдында проблемалық несиелермен жұмыс жүргүзі тәжіриесіне талдау жасау



Өткізу формасы: пікірталас

**Әдістемелік нұсқау:**

Активтердің жіктелімі және оларды күмәнді және үмітсіз активтерге жатқыза отырып, оларғы қарсы провизия құру ержесімен танысу керек. ҚР ЕДБ-дің несиелік саясатымен танысу.

**Тапсырма 4**

1. ҚР валюталық құндылықтар түрлерін айтыңыз
2. Валюталық шот ашу тәртібін түсіндіріңіз
3. Валюталық шарт жасасу тәжірибесіне мысал келтіріңіз
4. Бір банкке қатысты валюталық позицияны есептеңіз

Өткізу формасы: пікірталас.

**Әдістемелік нұсқау:**

ҚР валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңмен танысу қажет. ҚҰБ-нің валюталық операцияларды жүргізу туралы ережесін білу керек.

**Тапсырма 5 .Тест сұрақтары**

**Мақсаты:** теориялық білімдерін нығайту

**Әдістемелік нұсқау:** төменде берілген сұрақтардың ішінен бір дұрыс жауабын белгілеу.

1. Несиелік операциялардың табыстылығы қалай есептеледі?

- 1) Операциялық табыстарды/берілген ссудалар мен банк аралық несиелерге
- 2) Берілген ссудалар/операциялық табыстар
- 3) Операциялық табыстар/жарғылық қор

